

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МҰРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№104
(2169)
Сенбі
16 желтоқсан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті қазалылықтар!
Сіздерді 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы көксеген арманына, аяулы мұратына қол жеткізгеніне биыл – 32 жыл толып отыр.

Тәуелсіздік күні – жас ғұмырын ел бостандығы үшін күреске арнаған боздақтардың жанкешті ерлігі мен қайсарлығын еске алатын қастерлі мереке. Сондықтан да бүгінгі күн – ата-бабамыз аңсаған арма-

ны жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы тарихи күн.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары халқымыз көптеген қиындықтарды бастан өткерді. Бірақ, уақыт өте келе ол қиыншылықтар артта қалды. Тарихымыз қайта парақталып, ұлттық рухымыз жаңғырды. Ел тарихынан тағылым алатын ақтаңдақтардың сыры ашылды, тіліміз де діліміз де жаңа белестерге бет түзеді. Татулық пен тұрақтылық орныққан еліміз ынтымақ ұясына, бірліктің төріне ай-

налды.

Осындай егеменді ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт деп білемін.

Еліміздің Тәуелсіздігі күнімен тағы да баршаңызды шын жүректен құттықтай отырып, әр отбасына зор денсаулық, шаңырақтарына шаттық, берекелі бірлік тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

**Ізгі ниетпен,
Қазалы ауданының әкімі
М.Оразбаев**

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан – тәуелсіз ел. Тәуелсіздік ата-бабамыздың арманы орындалған, жасампаздықтың жаңа жолына көтерген күн. Қазақстанның егемен ел ретінде танылғанына міне 32 жылдан асып отыр. Тәуелсіз елдің басты тұғыры – сол елдің ұлттық рухы. Тәуелсіздік – кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі деп білеміз. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары әлемдік аренада өзіндік орнын таба білді. Қазақстан Республикасы дамыған елдер қатарына еніп, халықаралық қатынасы, халықтың тұрмыс-тіршілігі, экономикалық-әлеуметтік жағдайы жақсарды. Береке-бірліктің арқасында әлем таныған іргелі мемлекетке айналып, талай белестерді бағындырды. Еңбастысы мемлекет басшысының стратегиялық жоспарлары жүзеге асты. Қай саланы алып қарасаң да Қазақстан қарыштап даму үстінде. Республикамыздың түкпір-түкпірінде жаңадан әлеуметтік нысандар бой көтеріп, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі жақсаруда.

Биыл Қызылорда облысының құрылғанына – 85 жыл және Қазалы ауданына 95 жыл то-

лып отыр. Осы жылдар ішінде өңіріміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Қызылорда облысы инвестиция тарту бойынша үздік өңірлер қатарына енді. 11 айдың қорытындысымен облысымыз негізгі даму көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында үздік үштікке кіріп, экономикалық дамудың макрокорсеткіштері бойынша оң динамикасы қалыптасты.

Қызылорда қаласында құны 215 млрд теңге болатын жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Биыл Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджет есебінен 569 шақырым автомобиль жолы жөнделді. «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президенттің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы аяқталып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Ақтөбе қаласына дейінгі аумағын төрт жолақты жолға айналдыру мәселесі алдағы жылдар ішінде іске аспақ.

Сыр өңіріне 472 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 74 пайызы жеке инвестициялар. Демеушілер есебінен 37,5 млрд теңге тартылып, 3,3 млрд теңгеге 630 жобаның құжаттары әзірленді. Облыс орталығында Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы

салынуда. Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы қайта жаңғыртылып, заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы келержылы пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, «Анаға тағзым» орталығы салынып, демеушілер есебінен қаланың орталық алаңы қайта жаңғыртылуда.

Биыл облыста 4 жаңа мектеп пайдалануға берілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектеп салынады. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11 мектептің құрылысы келесі жылы басталады. «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы басталды.

Өңірде жаңа медициналық нысандар көптеп салынуда. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емхана мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталды. Медицина ұйымдарын сапалы қанмен қамтамасыз ету мақсатында «Қан орталығының» құрылысы жүргізілуде. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салына-



ды. Оның 15-і жыл аяғына дейін тапсырылады. Сонымен қатар, жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық халық игілігіне беріледі.

Мұндай көріністер біздің ауданымызға да тән. Биылдың өзінде Қазалы ауданында республикалық бюджет есебінен халықтың әлеуметтік осал топтарына 50 пәтер құрылысы салынып, пайдалануға берілді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулында 300 орындық мектептің іргетасы қаланды. Келер жылы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында 600 орындық мектептің құрылысы басталмақ. Мұнан бөлек, Әйтеке би кентінде салынып жатқан 250 орындық мектеп құрылысы аяқталуға жақын.

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

Өткен жылы «Жалпақ», «Жұбан» елді мекендерінде жаңа медициналық бекеттер ашылса, биыл «Бозкөл», «Кәукей» және Абай ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша Үрмәш Түктібаев ауылында жаңа спорт кешені ел игілігіне берілді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өз өкілеттігін жүзеге асырған аудандық мәслихаттың депутаттары экономиканы қайта қалпына келтіру, ел дамуының жаңа бағыттарын айқындауға елеулі үлес қосты. Ең бастысы өз сайлаушылары арқылы халықтың Қазақстанның болашағына деген сенімін арттырды.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 19 қаңтарында барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлық қабылдады. Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасақталып, үміткерлерге

партиялар мен Үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана емес, өзін-өзі ұсынуға жол ашылды. Өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік туып, азаматтық қоғамның одан әрі дамуына айтарлықтай жағдай жасалды.

2023 жылғы наурыз айында аудандық мәслихаттың VIII шақырылымының I сессиясы өткізіліп, сайлау нәтижесінде 15 депутат 5 жыл мерзімге сайланды. Депутаттар «Экономика, қаржы, бюджет, кәсіпкерлік және құрылыс», «Әлеуметтік, мәдени, құқық қорғау және жастар саясаты», «Өндіріс салалары, ауыл шаруашылығы, экология және табиғат ресурстарын пайдалану» жөніндегі 3 тұрақты комиссияға бірлесіп жұмыс істеуде.

Депутаттық корпуста 11 «AMANAT» партиясының, 2 «Ауыл» партиясының, 1 «Ақжол» партиясының мүшелері болса, 1 депутат өзін-өзі ұсынған. Депутаттардың құрамы 50 пайызға жаңарып, олардың ішінде экономика, білім беру, теміржол, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларының мамандары мен 2 әйел адам

бар. Депутаттар өздерінің сайлауалды бағдарламаларының орындалуын басты назарда ұстайды.

Мемлекет басшысының биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы мен мемлекеттік бағдарламаларында көрсетілген міндеттердің орындалуы аудандық мәслихаттың сессиялары мен тұрақты комиссия отырыстарының күн тәртібіне қойылған.

Халық қалаулылары мәслихат сессияларында ауданды өркендетудің жоспарларын, экономикалық-әлеуметтік даму бағдарламаларын, аудан бюджеті мен оған енгізілген өзгерістермен толықтыруларды бекітіп, өз құзыреті шегінде өкілеттіктерін абыроймен іске асыруда.

2023 жылға аудан бюджетінің кірістер болжамы 10 млрд. 404,9 млн. теңгеге бекітіліп, 13 млрд. 493,3 млн теңгеге нақтыланды. Оның ішінде, өз кірістеріміздің жылдық жоспары 2 млрд. 485,3 млн. теңге. 11 айдағы жоспар 2 млрд. 189,5 млн. теңге болып, нақты 2 млрд. 338,6 млн.

теңгеге немесе 106,8% орындалды. Аудан қазынасының көбеюіне депутаттардың зор ықпалы бар.

Халық қалаулысы атанып, сайлаушылардың сенімін иеленген аудандық мәслихаттың депутаттары жергілікті жерлерде орын алып отырған проблемалық мәселелерді атқарушы органдардың алдына қойып, шешімін табу жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Егемендікке қол жеткізгелі бері елімізде атқарылған істердің бәрін тізбектеп отыру мүмкін емес. Бір мемлекетке жетерлік іс тындырылды. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Осының бәрі тәуелсіз еліміздің зор мақтанышы деуге толық негіз бар. Әрқашан егемен еліміздің көк туы аспанда қалықтап, ынтымақ-бірлігі жарасқан Мәңгілік елге айналайық!

Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын ағайын!

Ғазиз ӘЛІШ,
Қазалы аудандық
мәслихатының төрағасы,
«AMANAT» партиясы
аудандық
филиалының төрағасы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘҢІРДІҢ ТӘТТІ СЫЙЫ

Уақыт. Заман. Тарих. Уақыты келгенде замана қоғамда елеулі өзгерістер туғызады. Қазақ мемлекетінің тарихында жазылып қалған айшықты дүниелер аз емес. Соның бірі, үш ғасырдай Ресей империясына бодан болып келген халқымыздың тарихтағдыры дер едім. Оң өзгеріске бастаған 1917 жылғы ақпан төңкерісі Қазақ халқы үшін ең бір сындарлы сәт болды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан, патшаның тақтан құлағанын, бұл жағдай езгіде келген қазақ баласының бостандық алып, өз алдына тәуелсіз мемлекеттің шаңырағын көтеруге зор мүмкіндік екенін айтып-жазып, алты алаштың баласынан, жеделхат жолдап, сүйінші сұраған болатын.

Сол жылы Ә.Бөкейханның ұйымдастыруымен Алаш партиясы құрылып, желтоқсан айында 1-ші қазақ жұрлтайы өткен еді. Ұсынылған төрт үміткердің (кандидатура) ішінен жеке-дара көп дауыс алып, құрылған Алашорда үкіметінің төрағасы болып Ә.Бөкейхан сайланды. «Әрбір қырқылған қой жүні қазақ баласының үстіне тоқылған киім болып киілуі керек, өнер-білімге ұмтылуы керек, қазақ жерінің асты-үсті байлығы қазақ халқының игілігіне жұмсалуды керек», деп асқақ армандарын ұран қылып, нақты іске көшкен алашшыл азаматтардың бұл ізгі ниеттерін 1917 жылғы

Қазан төңкерісі іске асырмай тастады. Қазақ зиялыларын баудай түсірген 1920, 1937-38 жылдардағы репрессия зұлматы тарихта қара әріппен таңбаланды.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихында талай тағдырлы сәттерді басынан кешірді. Түрлі жағдайлармен халқымыздың саны бірде өсіп, бірде кеміп отырды. Бұған себеп аштық пен індет, жерімізге көз алартқан сыртқы жаулармен соғыстың үлкен әсері болды.

XVIII ғасырдың басында ауызбіршіліктің болмауынан хандық басқару жүйесіндегі қазақ мемлекеті орыс империясына кіріптар болып, бодандық қамытын киді. Көне тарихты зерделесек, тәуелсіздік таңы атқанға дейін 300-ден астам азаттық көтерілісі болған екен. 1986 жылдың 17,18 және 19 желтоқсан күндері Алматы қаласында алаңға шыққан жастар көтерілісі аяусыз басып жаншылды.

Сол жылдың 16-шы желтоқсаны күні ұлттың ұлы перзенті, Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың орнына Ульяновскі обкомының 1-ші хатшысы Г.В.Колбин бас-аяғы 18 минутқа созылған пленумда бірінші хатшы болып сайланған болатын. Шыдамның да шегі бар, үш ғасырға жуық ұлттық кемсітушілік көрген, өр

халықтың ұл-қыздары қазақты қазақ басқару керек деп атойлап, атқа мінген болатын.

Арада бес жыл өтті. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздіктің таңы атып, егемендігіміз жарияланды. Белгілі ақын Олжас Омарұлы Сүлейменов Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған Түркия екенін жарияға жар сала хабарлап, сүйіншілеткен жаңалығын жеткізді.

Сол күннен бастап, Қазақстан Республикасы қоғам дамуының жаңа сатысына өтіп, жаңару жолына түсті. Кезінде қуғын көріп, сотталған қазақ жастары қапастан шығып, олардың оқуына және жұмыс істеуіне мемлекетіміз мүмкіндік беріп, қолайлы орта жасады.

Алаш көсемдері армандаған Тәуелсіздіктің таңы атып, Қазақ елі қоғамның жаңа сатысына өтті. Кезінде 15 одақтас республиканың құрамында болып, бір бағытпен, Кремльдің басқаруымен жұмыс істеген мемлекетіміз үшін әдепкі жылдар ауыр сын болды. Бірақ, қажыр-қайраты мол, жігерлі басшылықтың арқасында бұл қиындықта еңсеріліп, Қазақстан Республикасы дамудың қалыпты деңгейіне түсті.

Қазір Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сарабал саясатының арқасында Қазақстанды бүткіл

әлем жұрты біледі. Әлеуметтік-экономикалық, денсаулық, мәдени-ағарту және тағы басқа салалар даму үстінде. Қоғамның құнды байлығы азаматтарымыз үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынуда. Аудан, облыс басшыларының қолдап-қуаттауы, қамқорлықтары арқасында біздің округ көлемінде тұрмысы төмен, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар, жұмыссыз жастар өз қарым-қабілеттеріне қарай несие және қайтарымсыз грант алып, кәсіпкерлікпен айналысуда. Жұмыссыз ауыл жастары арнайы курстарда оқып, мамандықтарды игеруде. Нарық заманының көшінен қалмау керектігін түсінген талапты жастар қатары өсуде. Бұлай болатын себебі, азаматтарымыз мемлекеттің қамқорлығын толықтай түсініп, сезінуде. Мемлекетіміздің барлық сала бойынша жүргізіп отырған сындарлы саясаты мен нақты бағдарламалары біздің болашаққа деген сенімімізді арттырып отыр.

Тәуелсіздік -тәңірдің бізге берген тәтті сыйы.

16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ақтілеу БАЙМҰРАТ,
«Аранды» ауылдық округі
әкімі аппаратының
бас маманы

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ЖАС ҰСТАЗЫ

Заман талабына сай қазіргі таңда әлем бойынша IT-саласына сұраныс үлкен. Қазақстан да ақпараттық технология ағымынан қалыспай, технопарктер құру, мамандар даярлауға ерекше ден қойып жатыр. Президенттің елімізде 100 мың IT-маман даярлау жөнінде арнайы тапсырмасы да бар.

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі жетпіс жылдық тарихы бар еліміздің өсіп – өркендеуіне жұмысшы және орта буын мамандарын дайындап келе жатқан іргелі оқу орны. Ұжымда білімді де, білікті кадрлар еңбек етеді.

2014 жылдан бері еліміздің техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының арасында WorldSkills Kazakhstan республикалық кәсіби шеберлік байқауы өткізіліп келеді. Бұл – колледждерде халықаралық стандарттарға сай маман дайындауға ықпал ететін ауқымды шара.

Менің мақалам WorldSkills Kazakhstan республикалық кәсіби шеберлік байқауына 2022, 2023 жылы республикалық деңгейде сарапшылық жасап, екі жыл қатарынан «Үздік медальон» иегерлерін дайындаған жас маман Әнепия Айжан Бүркітбайқызы туралы болмақ.

Әнепия Айжан Бүркітбайқызы 2018 жылы 1 қыркүйекте Қазалы аграрлы – техникалық колледжіне арнайы пән оқытушысы болып қызметке қабылданды. Ол сол жылы М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Есептеуіш техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығын бакалавр дәрежесі бойынша бітірген.

Айжанның ұжымға келіп ұстаздық жолды таңдағанына бес жыл толды. Осы жылдары өзінің қабілеті, қарымымен ұжымды, өзі білім беретін студенттерін тәнті етіп келеді. Студенттері ұстазының жолын қуып колледжде алған білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастыруда. Бұл да ұстаздың шәкірт жүрегінен жол тапқандығының нәтижесі.

2019 жылы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ТЖКБ беретін оқу орындары мен мектеп оқушылары арасында өткізілген облыстық

«Ғаламдық беталыстар және ақпараттық технологиялар саласындағы жаңа мүмкіндіктер» атты ғылыми жобалар байқауына Айжанның шәкірті II курс студенті Амандосов Нұрсұлтан қатысып, III дәрежелі дипломмен, 2021 жылы Қызылорда облыстық оқу орталығы және М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру орындарының білім алушылары арасында информатика пәнінен облыстық олимпиадада Романқұлов Нұрмұхамбет Жеңісбекұлы I орын дипломмен, 2021 жылы М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі және «Қазақстан IT мамандар Ассоциясымен» бірлесе ұйымдастыруымен өткізілген «Медиаконтент және веб-сайттар құру үшін заманауи IT-технологияларды қолдану» атты облыстық байқауында Еркін Ақнұр Кеңшілікқызы III дәрежелі дипломмен марапатталған.

А.Әнепияның білім берген студенттері облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы.

WorldSkills чемпионатының облыстық кезеңінде «Графикалық дизайн құзіреттілігі» байқауына Үйрекбай Аида Русланқызы қатысып, I орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды. 2022 жылы 1-7 желтоқсан аралығында Астана қаласында өткен WorldSkills чемпионатының республикалық кезеңінде Үйрекбай Аида Русланқызы топ жарып, «Үздік маман» медальонын жеңіп алса, 2023 жылы 23-25 қараша аралығында Астана қаласында өткен WorldSkills чемпионатының республикалық кезеңінде «Графикалық дизайн құзіреттілігі» байқауында Әбілбай Олжабек Асқарбекұлы топ жарып, «Үздік маман» медальонын жеңіп алды.

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының арасында өткізілген оқу орындарының кәсіби білім беру бағытындағы ерекшелігін айқындайтын бағдарлы байқау-көрмесінде «Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің төлқұжаты» қосымшасын

әзірлеп, Қызылорда облысының білім басқармасының бірінші дәрежелі дипломымен марапатталған.

«Кәсіптік білім және бизнес: әріптестер сұхбаты» атты облыстық Еңбек форумында білім алушылар арасында өткізілген «Өнертапқыш» облыстық шығармашылық байқау - көрмесінде «Дәрілік анықтама қосымшасы» екінші орынды иеленген.

Айжан «Talar» KEAK ұйымдастыруымен 2022 жылдың 16 мамыр - 3 маусым аралығында колледж педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагог: еңбек функцияларын жетілдіру» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсына өзінің педагогикалық іс – тәжірибесін таратқан.

Айжан жаңалыққа жаны құмар, IT саласын игерген сала маманы. 2019 жылы «Модульдік – құзіреттілік тәсілдемеге негізделген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімділігі» тақырыбындағы колледжішілік педагогикалық оқуға қатысып, I дәрежелі дипломмен, 2020 жылы Қызылорда облыстық оқу орталығы және М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі ұйымдастыруымен «Жаңартылған бағдарлама: математика және жаратылыстану бағытындағы жаңа мазмұн» тақырыбындағы облыстық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, II дәрежелі дипломмен, 2021 жылы «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқытудың ерекшеліктері» тақырыбында өткізілген педагогикалық оқуда II дәрежелі дипломмен марапатталған. 2021 жылы - «Үздік арнайы пән оқытушысы – 2021» колледжішілік байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталып, облыстық кезеңге байқауға жолдама алған.

2022, 2023 жылдары «WorldSkills Kazakhstan» эксперттерінің жұмысын ұйымдастыру және әдістемелік

қамтамасыз ету» семинар – тренингіне қатысып «Графикалық дизайн» құзіреттілігі бойынша сертификат алды. «WorldSkills Kazakhstan» Ұлттық чемпионатының Республикалық кезеңінде «Графикалық дизайн» құзіреттілігі бойынша сарапшылық қызметін атқарды.

Айжан Бүркітбайқызының мақалалары мен үлгілі сабақтары баспасөз беттерінде жарық көрді. «Сыр мектебі» газетінде «Цифрлық сауаттылық» мобильді қосымшасы» тақырыбындағы мақаласы, «Ұстаз мәртебесі» республикалық қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми – көпшілік газетіне «IT-технологияларды оқу процесінде тиімді қолдану», «Білімді ел. Образованная страна» республикалық газетінің сайтына «Ақпараттық технологияны оқу үдерісіне тиімді қолданудың пайдасы» атты мақаласы жарияланған.

Ұстаздық жолындағы еңбегі еленіп келеді. WorldSkills Республикалық чемпионатының республикалық кезеңіне қатысушы дайындағаны үшін Қызылорда облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен, «WorldSkills Kyzylorda 2021» облыстық кәсіби шеберлік чемпионатында бас сарапшылық жасағаны үшін Қызылорда облысының білім басқармасының Алғыс хатымен, Қызылорда облысының білім басқармасының Алғысымен, Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының

Алғысымен, Қызылорда облысының білім басқармасымен білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Айжан ұжымда сыйлы әріптес болса, отбасында үлгілі келін, бір баланың анасы. Жолдасы Ерасыл F.Мұратбаев аулындағы №91 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі.

Абыройың асқақтай берсін, Айжан! Ұжымның ғана емес, елдің мақтанышы бол!

Шәрбану ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
«Тұран – Қазалы»
газетінің штаттан тыс
тілшісі
Қазалы қаласы

ЕСІРТКІГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮҒА БАРШАМЫЗ БОЛЫП АТСАЛЫСАЙЫҚ

Есірткі бүгінгі күні ауданымызда аса өткір, өзекті мәселеге айналып отыр. Ол тек медициналық тұрғыдан ғана емес, жалпы әлеуметтік тұрғыдан да көкейкесті мәселенің бірі. Себебі, статистикалық мәлеметтерге сәйкес нашақорлыққа тәуелді он адамның тоғызының іс жүзінде толық емделіп кетуі екіталай. Астана қаласының психикалық денсулық сақтау орталығының дерігер-наркологының негіздемесі бойынша олардың

көпшілігі 40 жасқа дейін өмір сүрмейді.

Есірткіге тәуелді адамдардың отбасында қақтығыстар, оқу орнында немесе жұмысында қиындықтар көбейеді. Өз туыстарына және өзінің міндеттеріне немқұрайлы, жауапсыз қарайды. Моральдік тұрғыдан құлдырайды. Жеке тұлғалық ажыраумен қатар, ағзалық және психикалық деңгейде күрделі аурулар туындайды. Сабырлығы жоғалады, есірткіні тұрақты

түрде іздеумен болады. Дозаның көлемін ұлғайту нәтижесінде өз іс-әрекетіне деген бақылауын жоғалтып, ал мөлшерден тыс қолдану өлімге алып келеді. Есірткіге тәуелділік көбіне қылмыстық іс-әрекеттермен ұштасады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2022 жылдың 1-қыркүйегінде Қазақстан халқына арнаған Жолдауында нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді

жоспарын әзірлеу қажет, - деп айтқан болатын. Президенттің Жолдауынан кейін бас прокурор Б.Асылвтың төрағалығымен есірткінің заңсыз айналымына қатысты кеңейтілген үйлестіру кеңесі өтіп, есірткіге қарсы күресті күшейту мақсатында аса маңызды тапсырмалар берілді. Осыған орай Қызылорда облысы прокуратурасының бастамасымен уәкілетті органдармен бірлескен «Есірткісіз аймақ» жобасы әзірленді. —→

2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН КЕЙБІР ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР МӨЛШЕРІ АРТТЫРЫЛАДЫ

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (әрі қарай-Қор) жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейін жүзеге асырады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін ең төменгі бір жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын табыстың 3,5% мөлшерінде төленетін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады.

Әлеуметтік аударымдардың уақытылы түсуі әлеуметтік төуекелдердің 6 түрі: еңбекке қабілеттілігінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуына байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдердің мөлшеріне тікелей әсер етеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болудың артықшылықтарына оралсақ, ең алдымен Қордың әлеуметтік-маңызы бар екі ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдерін атап өткен жөн.

Мұндай төлемдер республикалық бюджеттен берілетін базалық жәрдемақыларға (мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы) қосымша жүзеге асырылады. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген кезеңге тағайындалады, тағайындаудың максималды мерзімі - алушының зейнеткерлік жасқа жетуі, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем - асыраушының асырауындағылардың 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу

нысаны бойынша оқығанда 23 жасқа дейін тағайындалады.

Жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылармен бірге Қордың ұзақ мерзімді төлемдері де арттырылады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбекке қабілеттілігінен айырылуы және асыраушысынан айырылуы жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдер 7%-ға арттырылады.

Қызылорда облысы бойынша 3090 алушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайға және 2690 асыраушысынан айырылған жанұяға төлемдер мөлшері ұлғайтылады.

Осылайша, жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек болады.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болмайды. Осыған байланысты, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызылорда облысы бойынша осы төлем 8 504 алушыға арттырылатын болады.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған әлеуметтік төлемдерді арттыру автоматтандырылған режимде жүргізілетінін, яғни алушыларға қосымша құжаттар жинаудың қажеті жоқ екенін атап өтеміз.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты Қордың gfss.kz интернет-ресурсы арқылы, сондай-ақ Қор мен филиалдардың әлеуметтік желідегі аккаунттарынан (Instagram: gfss_kyzylorda, Facebook: АО «Гфсс» по Кызылординской области) алуға болады.

Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы

ЕСІРТКІГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮҒА БАРШАМЫЗ БОЛЫП АТСАЛЫСАЙЫҚ

Сол себепті халық денсаулығына әсер ететін ауыр қылмыстардың алдын алу бағытында аудандық прокуратураның бастамасымен «Есірткісіз аймақ» жобасы аясында уәкілетті орган өкілдерінен құралған жұмысшы топ аудан аумағындағы жерлерді арнайы құралдарды пайдалану арқылы аралап жұмыстарын ұдайы жүргізуде.

Нәтижесінде, құрамында есірткі заттары бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 300-бабымен қылмыстық істер тіркелді.

Атап айтқанда, Қазалы ауданының тұрғыны «В» есімді азамат «Кәукей» елді-мекеніне қарасты далалық жерге 1086 түп құрамында есірткі заты бар өсіруге тыйым салынған сора өсімдігін егіп өсірген. Тергеп-тексеру нәтижесімен аталған қылмыстық іс сотқа жолданып, сот отырысында айыпталушылар «А,В,С,Д» есімді азамат-

тар өзінің іс әрекетін толық мойындап, шын ниеттен өкінетінін білдірген.

Аудандық соттың үкімімен айыпталушы «А,В,С,Д» есімді азаматтар Қылмыстық Кодекстің 300-бабы 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталды.

Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерді келешек ұрпақтарымыздың өмірі мен болашағына бей-жай қарамай, қоғамды улайтын ауыр қылмыстардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды бірлесе атқаруға шақырамын.

Ол үшін есірткі қылмыстары туралы кез-келген ақпаратты «Есірткісіз аймақ» жобасы аясында қоғамдық орындарда ілінген QR код арқылы прокуратураның «Telegram» каналына жолдауды немесе құқық қорғау органдарына хабарлауды сұраймыз.

Н.БЕЙБІТӘЛІ,
Қазалы аудандық прокуратурасының прокуроры

● Хабарландыру

2023 жылғы 19 желтоқсанда сағат 16:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс 10 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2023-2025 жылдарға аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы кезекті 26 сессиясының №326 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады.

Сонымен бірге, сағат 15:00-де Қазалы аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 20 желтоқсанда сағат 17:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезекті 11 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендігідей мәселелер қаралады:

- «2024-2026 жылдарға аудандық бюджет туралы»;
- Қазалы аудандық мәслихаты төрағасының жыл көлемінде атқарған жұмыстары туралы есебі;
- Қазалы аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту;
- Қазалы аудандық мәслихатының «Экономика, қаржы, бюджет және кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі;
- Ағымдағы мәселелер.

Сонымен қатар, сағат 16:00-де Қазалы аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ –ҒАСЫР ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп –өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық қазақстандық азаматтардың азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп кететін бұл кеселдің терең құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу біздің басты азаматтық парызымыз.

Абдулла ТӨЛЕМІСОВ,
«Алға» ауылдық округі әкімінің аппараты КММ-нің бас маманы

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Берік Бисембаевтың туған апасы

БИБИЗАДА ӘБИҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

(Газетіміздің келесі саны 23 желтоқсан, сенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.